

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

15.03. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1. Батырбекова А.Ж. - Физика кафедрасы, аға оқытушы

АК мүшелері:

- | | |
|--|--|
| 2. Сарбаева Г.Т. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. Жылысбаева Г.Н. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 4. Берді Д.К. | - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. Сарбаева М.Т | - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Беласарова Ш.М. | - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. Раманкулов Ш.Ж. | - Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 8. Шектибаев Н.А | - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 9. Усембаева И.Б. | - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 10. Омарова И.М. | - Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 11. Муратбекова М. | - Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 12. Тойжигитова Б.Б. | - Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 13. Сейтметова А.М. | - Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а. |
| 14. Умиров Б.З. | - Биология кафедрасы, магистр оқытушы |
| 15. Алтынбек Д.Н. | - Математика кафедрасы, оқытушы |
| 16. Кошанова Г.Д. | - Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы |
| 17. Аймешов Ж.А. | - Математика кафедрасы, оқытушы |
| 18. Ниязова Г.Ж. | - Математика кафедрасы, п.ғ.к., доцент |
| 19. Байтенов А.К. | Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған
мектеп интернаты директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары |
| 20. Ускенова Р.А. | Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің
директорының міндетін атқарушы |
| 21. Орманова Г.К. | -ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к. |
| 22. Қанаева Ж. | 7М01506 - Физика ББ магистранты |
| 23. Алимова Шахноза
Марибқызы | 7М01507-Биология ББ магистранты 2 курс |
| 24. Балтабай Ақжүніс | 6В01513-Биология ББ студенті 4 курс |
| 25. Хабибуллаев Алимжан
Гайратұлы | 6В01509-Математика ББ студенті 2-курс |
| 26. Зұлғар Лаура
Музафарқызы | 7М01547-Математика ББ студенті 1-курс |
| 27. Толентаева Ғалия | 8D01502-Математика ББ докторанты 3-курс |
| 28. Жәдігер Сымбат | 6В01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ
студенті 3-курс |
| 29. Абдулатипов
Абдувосит
Жумадуллаұлы | 7М01557-Информатика ББ магистранты 1 курс |
| 30. Егенбердиев Дилмурад
Юлдашбайұлы | 8D01516-Информатика ББ докторанты 2 курс |
| 31. Оралбай Нұрай | 6В01512-Химия ББ студенті |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. ББ әзірлеу және жобалауды ұйымдастыру жолдары тақырыбына семинар ұйымдастыру
2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікірін тыңдау
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрайымы Ә.Х.Сарыбаева: ББ әзірлеу және жобалауды ұйымдастыру жолдары тақырыбына семинар ұйымдастыру, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікірін тыңдау, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бүгінгі күн тәртібінде қаралады.

АК мүшесі Берді Д.К. «БВ01512-Химия білім беру бағдарламасын әзірлеуде оқыту нәтижелерін құрастыру жолдары» атты тақырыпта семинар ұйымдастырылып. баяндама жасалды. Баяндамада *ББ әзірлеу принциптері* қарастырылды. Олар:

1. Білім беру бағдарламасы Еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып әзірленеді.

2. Білім беру жүйесінің және еңбек нарығының өзара әрекет құралдары:

- 1) Ұлттық біліктілік шеңбері;
- 2) Салалық біліктілік шеңбері;
- 3) Кәсіби стандарттар.

3. Білім беру бағдарламасы құзыреттілік модель контекстінде әзірленеді және мазмұны модульдер бойынша оқыту мақсаттарына, құзыреттілігіне және нәтижелеріне байланысты модульдерден тұрады.

4. Кәсіби стандарт негізінде әзірленген білім беру бағдарламасында негізгі еңбек функциялары кәсіби модульдерге көрсетіледі.

5. Әрбір кәсіби модуль кәсіптің негізгі еңбек функцияларын орындаумен байланысты құзыреттерді қалыптастыруды көздейді.

6. Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі құзыреттілік тәсіл келесі қағидаттар арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Оқыту/құзыреттілік нәтижелеріне қол жеткізуіне назар аудару;
 - 2) Оқыту барысында қалыптасатын білім, білік және дағдылар кәсіптік міндеттерді шешу қабілетіне бағытталуы тиіс;
 - 3) Құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған интеграцияланған, пәнаралық, мультипәнарлық тәсіл негізінде оқытуды ұйымдастырудың модульдік принципі
- Білім беру бағдарламаларын әзірлеудің кезеңдері қарастырылды.

1) Дайындық кезеңі:

- 1) Білім беру бағдарламалары түлектерінің құзыреттеріне жұмыс берушілердің талаптарын анықтау;
- 2) Еңбек нарығының ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін айқындау;
- 3) Кәсіптік стандарттарды модельдік білім беру бағдарламаларына түрлендіру.

2) Білім беру бағдарламасын жобалау:

- 1) Осы білім беру бағдарламасындағы нарықтың қажеттілігі анықталады;
- 2) Білім беру процесін ұйымдастыру мүмкіндіктері тұрғысынан, оның ішінде білім беру ұйымы серіктестерінің ресурстарын тартуды ескере отырып, модульдер бөлінісінде қажетті кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржы ресурстарының тізбесі айқындалады;
- 3) Белгілі бір құзыреттілік бейініне сәйкес оқыту нәтижелері және оларға қол жеткізу өлшемдері қалыптастырылады;
- 4) Педагогикалық жобалау технологиясын қолдану арқылы модуль, пәндер (өндірістік оқыту, тәжірибе) және білім беру технологиялары бойынша оқыту нәтижелері арасындағы сәйкестік анықталады;

- 5) Пәндер (өндірістік оқыту, практика), аралық және қорытынды аттестаттау бөлінісінде оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен құралдары жобаланады;
 - 6) Модульдік білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының жобасы негізінде құзыреттілік бейінінің жетістігін бағалау жүзеге асырылады.
- 3) Білім беру бағдарламасын әзірлеу
- 1) Білім беру бағдарламасының мақсаттары тұжырымдалады;
 - 2) Оқыту нәтижелерін топтастыру арқылы білім беру бағдарламасының модульдерін жобалау;
 - 3) Құзыреттіліктерді және еңбек функцияларын КС-дан құзыреттіліктен трансформациялау және оқыту нәтижелері;
 - 4) Құзыреттіліктері мен оқыту нәтижелерімен контекстінде Модульдер, пәндер тізбесін анықтау;
 - 5) Кредиттердегі модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығын анықтау;
 - 6) Білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының жобасы қалыптасады
- ББ әзірлеу үшін принциптерімен қоса «Педагог» кәсіптік стандартындағы «орта мектеп мұғалімінің» еңбек қызметтерін қарастырамыз. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің оқыту нәтижелерін анықтаймыз. Оқыту нәтижелері кәсіби құзыретті мұғалімді қалыптастыруы керек.

АК мүшесі Г.Жылысбаева: Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау Бағыты бойынша 6B01512-Химия, 6B01514 - Химия-биология, 6B01515 - География БББ әзірленуде.

АК мүшесі Ж.А. Аймешов: 6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника ББ әзірленуде.

АК мүшесі А.Сейтметова: 6B01513 - Биология БББ реестрге тіркелді.

АК мүшесі И.Б. Усембаева: 6B01510 - Физика БББ әзірленуде.

АК мүшесі И.М. Омарова: 6B01511 - Математика БББ бойынша БББ тізілімдемесіне ұсынылды.


АК мүшесі Б.Б.Тойжигитова: Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, пікірлерін тыңдадық. Жұмыс берушілердің пікірлерін ББ әзірлеуде назарға алдық. Финдік білім беру бағдарламасына көшу болашақ мұғалімдерге жақсы нәтиже беретініне сеніміз мол. Пәндердің кредиттері артып санының азаюы, практикалық бағытқа басымдық беру болашақ мұғалімдерге қолданбалы бағыттағы дағдыларын дамытады.

АК төрайымы Батырбекова А.Ж.: Құрметті АК мүшелері бүгінгі мәжіліске белсене қатысқандарыңызға рахмет. Бағытымыз бойынша БББ тізілімдемесіне ұсынылған, реестрге тіркелген ББ-ларға байланысты АК мүшелерінің қатысуымен жұмыстар атқарылды. Ендігі кезекте ЕСУВО-ға жоғары пайызбен қабылданып, қолданысқа енуін қамтамасыз етуіміз қажет.

Шешім:

1. ББ әзірлеу және жобалауды ұйымдастыру жолдары тақырыбына ұйымдастырылған семинар нәтижелері қабылданын.
2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен ұйымдастырылған кездесудегі пікірлер назарға алынсын.
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

Мәжіліс төрайымы:



А.Ж.Батырбекова

Хатшысы:



Д.К.Берді